

Педагогикалық кеңесте қаралды
№ 1 хаттама 31.08.2023 ж.



Дарынды балалармен жұмыс бойынша ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жалпы ережелер

Бұл Ережедегі дарындылық деген ұғым баланың бір немесе бірнеше түрдегі әрекеттегі кез келген қабілеттерінің жоғары деңгейде дамуын білдіреді, олар мектепте болған кезінде тұрақты түрде көрінеді.

- 1.1. Осы Ережелер КР «Білім туралы» заңына, Мектептің жарғысына, Мектептің дамыту бағдарламасына сәйкес құрастырылған.
- 1.2. Дарынды окушылармен жұмыс олардың интеллектуалдық, спорттық, көркемөнерпаздық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған.
- 1.3. Дарынды балалармен жұмыстың мақсаты олардың онтайлы дамуына жағдай жасау болып табылады.
- 1.4. Мақсатқа жету үшін келесі тапсырмалар қойылады:
 - Дарынды балаларды түрлі диагностика колданумен анықтау; Оқушылардың дарындылық түрлерін анықтау;
 - окушылардың жеке-бағытталған профилактикалық бағдарламасын құрастыру;
 - балалардың жеке қабілеттілігінің негізінде сабакта дифференциация қолдану;
 - өз бетімен ойлауды, бастамашылық пен ғылыми-зерттеу дағдыларын, сабакта және сабактан тыс уақытта шығармашылықты дамытуға қолайлы оқыту қуралдарын іріктеу;
 - сабактан тыс түрлі әрекеттер үйімдастыру;
 - отбасыны психикалық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмыс үйімдастыру;
 - окушылар мен педагогтарды қол жеткен нәтижелер үшін марапаттау;
- 1.5. Дарынды балалармен жұмыс ағымдағы оқу жылының жеке жоспарына сәйкес жүргізіледі.
- 1.6. Жұмыс жеке және де топтарда үйімдастырылуы мүмкін.
- 1.7. Дарынды балалармен жұмыс ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектепте оқу-тәрбие жұмысының аяқталуымен бірге аяқталады.
- 1.8. Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары дарынды балалармен жұмысқа жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 1.9. Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, үйірмелер мен скециялардың басшылары дарынды балаларды сүйемелдеуді жүзеге асырады.
- 1.10. Айқын қабілеттерге ие балалармен жұмыс үйірмелерге, пән олимпиадаларына, пән апталықтарына, турнирлерге, байқауларға, көрмелерге, спартакиадаларға қатысу түрінде, мерекелерге қатысу, балалар шығармашылығының өнімін өз бетімен жасау, жеке және топтық сабактар түрінде жүргізіледі.
- 1.11. Сабак уақытында айқын қабілеттерге ие балалармен жұмыста сараланған және жеке технологияларды, зерттеу мен жобалау әдісті қолдану онтайлы болып саналады.

2. Дарынды балалармен жұмыс принциптері

- 2.1. Оқытуды даралау (окушылардың жеке оқу жоспары болуы – жоғары деңгей).
- 2.2. Терендетілген оқыту принципі.

- 2.3. Кез келген әрекетте жайлышық принципі.
- 2.4. Дарынды балалардың қабілеттерін жүзеге асыру үшін күтілетін мүмкіндіктердің әртүрлілігі принципі.
- 2.5. Сабактан тыс әрекеттің ролін арттыру принципі.
- 2.6. Дамыта оқыту принципі.
- 2.7. Дарынды балалардың жеке тұлғасын дамыту үшін берілетін мүмкіндіктердің максималды әртүрлілігі принципі.
- 2.8. Сабактан тыс әрекеттің ролін арттыру принципі.
- 2.9. Окуду даралау мен сарапалау принципі.
- 2.10. Мұғалімнің минималды қатысуымен оқушылардың бірлескен жұмысы үшін жағдай жасау принципі.
- 2.11. Оқушылардың қосымша білім қызметтерін, көмек, тәлімгер тандау еркі принципі.

3. Дарынды оқушылармен жұмысты жүзеге асыруға қатысушылар

Дарынды оқушылармен жұмысты жүзеге асыруға қатысушылар болып табылатындар:

- 3.1. Мектептің әкімшілігі (директор, орынбасарлар);
- 3.2. Мектептің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілері;
- 3.3. Пән мұғалімдері;
- 3.4. Сынып жетекшілері;
- 3.5. Үйірмелер мен секциялардың жетекшілері;
- 3.6. Дарынды балалардың ата-анасы;
- 3.7. Педагог-психолог;
- 3.8. Дарынды балалар.

4. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету

Директордың міндеттері:

- 4.1.1. Мектептің жылдық жұмыс жоспарында дарынды балалармен жұмыс бойынша белімді жоспарлау және оку процесі қатысушыларының оны орындаудың қадағалау;

Мектеп директорының ОЖ, ӘЖ, және ТІ жөніндегі орынбасарларының міндеттері:

- 4.2.1. Осы ережені жүзеге асырумен байланысты оку процестерін реттеу мен түзету;
- 4.2.2. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің іс-әрекеттерін түзету;
- 4.2.3. Дарынды балалар туралы деректер банкін жинау.

Жұмысшы топтың міндеттері:

- 4.3.1. Дарынды балаларды айқындау үшін диагностикалық материалдарды тандау;
- 4.3.2. Осы мәселе жайында мерзімді баспа мен педагогикалық әдебиет материалдарын жинау мен жүйелеу.
- 4.3.3. Дарынды балалармен жұмыс бойынша әдістемелік ұсыныстарды дайындау.
- 4.3.4. Жұмыстың тиімділік критерилерін анықтау.

МӘБ жетекшілерінің міндеттері:

- 4.4.1. Мектепте пән апталықтары мен олимпиадаларын жоспарлау мен өткізу;
- 4.4.2. Пәндер бойынша қындық деңгейі жоғары материалдарды, сұрақтар мен тапсырмаларды әзірлеу;
- 4.4.3. Әдістемелік жұмыс тақтасында дарынды балалармен жұмыс бойынша материалдарды ресімдеу;
- 4.4.4. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің шығармашылық есебін дайындауға жетекшілік ету.

Пән мұғалімдерінің міндеттері:

- 4.5.1. Өз пәндері бойынша дарынды балаларды анықтау;
- 4.5.2. Дарынды балалармен жұмыс үшін бағдарламалар мен тақырыптық жоспарларды түзету, күрделілігі жоғары шығармашылық, ғылыми-зерттеу тапсырмаларды енгізу;

- 4.5.3. Дарынды балалармен жеке жұмыс үйімдастыру;
- 4.5.4. Оқушыларды мектеп және аудан деңгейіндегі олимпиадаларға, байқауларға, викториналарға, конференцияларға дайындау;
- 4.5.5. Жыл сайынғы жалпы мектептік конференцияға ұсыну үшін жыл бойында дарынды балалардың жетістіктерін іріктеу мен ресімдеу;
- 4.5.6. Дарынды балалармен өзінің жұмыс тәжірибесін педагогикалық кеңесте шығармашылық есеп ретінде беру үшін ресімдеу.
- 4.5.7. Оқу кабинеттерінде курделілігі жоғары деңгейдегі материалдар картотекасын жасау;
- 4.5.8. Дарынды балалардың ата-анасын олардың балаларының пән бойынша қабілеттерін дамыту мәселелері бойынша кеңес беру.

4.6. Сынып жетекшілерінің міндеттері:

- 4.6.1. Жалпы дарындылығы бар балаларды анықтау.
- 4.6.2. Сынып жетекшілерінің күнделіктерінде балалардың дарындылық (сала) түрлері бойынша жиынтық кесте ресімдеу, өзінің диагностика деректерін және пән мұғалімдерінің, үйірме жетешілерінің, ата-аналардың байқауларын пайдаланумен;
- 4.6.3. Сыныптың дарынды балаларының өздерінің қабілеттерін жүзеге асырумен қатар сыныпта тәрбие жұмысын жоспарлау.

4.7. Үйірмелер мен секциялардың жетекшілерінің міндеттері:

- 4.7.1. Дарынды білім алушыларды анықтау;
- 4.7.2. Оқушылардың шығармашылық есеп берулерін, көрмелерін үйімдастыру;
- 4.7.3. Сынып жетекшілеріне қажетті ақпарат беру.

4.8. Психологтың міндеттері:

- 4.8.1. Психодиагностикалық жұмыс (топтық, жеке);
- 4.8.2. Оқушылармен жеке және топтық сабактар;
- 4.8.3. Оқушылар үшін жеке және топтық кеңес беру;
- 4.8.4. Ата-аналармен жұмыс жүргізу (сұрау бойынша кеңес);
- 4.8.5. Мұғалімдермен жұмыс (кеңестер, тренингтер, ағартушылық жұмыс);
- 4.8.6. Дарынды балалармен жұмыс туралы есеп беруді дайындау.